

Мәртөк ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 30 мамырдағы № 206 "Мәртөк ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 10 наурыздағы № 46 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 11 наурызда № 8098 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы әкімдігінің 2025 жылғы 8 қазандағы № 219 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Мәртөк ауданы әкімдігінің 08.10.2025 № 219 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31, 37 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 17 шілдедегі "Автомобиль жолдары туралы" Заңының 3 бабының 7 тармағына, 6 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 26 бабына сәйкес, Мәртөк ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Мәртөк ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 30 мамырдағы № 206 "Мәртөк ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесін, атаулары мен индекстерін бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6223 тіркелген, 2019 жылғы 12 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысына келесідей өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулының орыс тіліндегі 5 тармағы келесідей жаңа редакцияда жазылсын:

"5. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.";

Қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді.

көрсетілген қаулының қосымшасы, осы қаулының қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Мәртөк аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны Мәртөк ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәртөк ауданының әкімі

А. Салыкбаев

Мәртөк ауданы әкімдігінің
2021 жылғы 10 наурыздағы
№ 46 қаулысына қосымша

Мәртөк ауданы бойынша аудандық маңызы бар жалпы пайдаланымдағы автомобиль жолдарының тізбесі, атаулары мен индекстері

№ р/с	Автожолдың индексі	Автожолдың атауы	Жалпы ұзындығы, шақырым
1	KD-MA-1	"Мәртөк-Дмитриевка-Байт орысай-Полтавка" 0-44,275 км	44,275
2	KD- MA -2	"Мәртөк-Ақтөбе тас ж о л ы н а н Вознесенка-Жаңажол" 0-33 км	33
3	KD- MA -3	"Байторысай-Шевченко-Қызылжар-Бөрте" 0-43,825 км	43,825
4	KD- MA -4	"Достық ауылына кіреберіс" 0-12 км	12
5	KD- MA -5	"Мәртөк-Қаратаусай-Ақкайың" 0-44 км	44
6	KD- MA -6	"Жайсаң-Көкпекті" 0-7 км	7
7	KD- MA -7	"Құрмансай-Шанды-Егізата" 0-39 км	39

8	KD- MA -8	"Құрмансай ауылына кіре беріс" 0-28,315 км	28,315
9	KD- MA -9	" Покровка ауылына кіре беріс" 0-9,1 км	9,1
10	KD- MA -10	"Мәртөк-Ақтөбе тас жолынан Қаратоғай ауылына кіре беріс" 0-6 км	6
11	KD- MA -11	"Мәртөк-Ақтөбе тас жолынан Мәртөк ауылына кіре беріс" 0-6 км	6
12	KD- MA -12	"Жайсаң ауылына кіре беріс" 0-3,21 км	3,21
13	KD- MA -13	"Сарыжар ауылына кіре беріс" 0-4,56 км	4,56
Барлығы			280,285